

Бағашаров Құдайберді<sup>1</sup>\*,<sup>1</sup>«SDU University», Қаскелең, Қазақстан\*e-mail: [k.bagasharov@sdu.edu.kz](mailto:k.bagasharov@sdu.edu.kz)

## ҚОҒАМНЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДА КӘСІБИ БАҒДАР ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУДЕГІ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

**Андатпа.** Бұл мақалада орта білім беретін мекемелерде оқушыларға кәсіби бағдар жұмысын жүргізу кезінде туындайтын бірқатар өзекті мәселелер сөз етіледі. Қазіргі әлем жылдам өзгеріс үстінде болғандықтан, еңбек нарығына да өзгерістер ықпал ететіні белгілі. Бұл жеке тұлғаға қойылар талаптардың құбылмалығын аңғартады. Идеал жағдайда жасөспірім бұған сергек қарап, еңбек нарығындағы жағдайға тез бейімделе білуі тиіс. Бұл кәсіби бағдарлаушы мамандардың әр түрлі мамандықтар бойынша дұрыс танымдық бағдар беруі мен оқушының жеке қабілеттерін нақтылап, таңдалған мамандыққа қаншалықты сәйкес келетіндігін анықтауымен байланысты. Дегенмен осы маңызды жұмысты атқаруда мамандар кездесетін өзекті жайттар да баршылық. Озық педагогикалық тәжірибе, ғылыми зерттеулердің нәтижелері кәсіптік бағдар беру іс-әрекетінің табысты болуын осы фактілермен таныс болуымен байланыстырады. Ол кәсіби бағдар беруші педагог маман үшін пайдалы әрі жұмысына дайындығына да оң ықпал етеді. Осы себепті мектеп оқушыларына кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізуде кездесетін көлденең мәселелер мақалаға арқау етілді.

**Түйін сөздер:** кәсіби бағдар, мектеп, оқушылар, маман, келеңсіздіктер, мамандық таңдау

### *Kіріспе*

Кез келген білім беру мекемесінің негізгі міндеті жас буынға жаһандану заманына сай қажетті білім беріп, оны қоғамға қажетті маман иесі ету, яғни нарықтық экономика талаптарына сай мамандар даярлау. Қазіргі нарық барған сайын бәсекеге қабілеттілік, білім мен біліктілікке талап күшейтіп келе жатқаны белгілі. Оның үстіне «Мамандықтар әлемі» өте құбылмалылық сипатын нақ көрсетуде. Д.В. Татьяначенко «Профориентация: основы, проблемы, тенденции, ресурсы» атты әдістемелік құралында жыл сайын 500-ге жуық жаңа мамандықтар пайда болатынын, көптеген мамандықтар небәрі 5-10 жыл «өмір сүріп», содан кейін «өлетінін» не адам танымастай өзгертетінін айтады. Нәтижесінде монопрофессионализм полипрофессионализммен алмастырылады. Сол себепті жас түлек бұл білімге дайын болуы тиіс. Оқу кезеңінде алынған дағдылар бүкіл жұмыс өміріне жетпеуде. Сондықтан өзін-өзі тану қабілеттерін дамыту кәсіби өзін-өзі анықтауға және кәсіби іс-әрекетке дайындаудың қажетті шарты болып табылады [1, 12]. А.М.

Столяренко кәсіптік бағдарға мынандай анықтама ұсынады: «Қоғамның жоғары білікті кадрларға деген қажеттіліктерінен туындаған бұл іс жауапты мемлекеттік мекемелердің ғылыми-практикалық қызметінің көп өлшемді, біртұтас жүйесіне жатады, өскелең ұрпақты мамандық таңдауға дайындау әр адамның жеке ерекшеліктерін нақтылау нәтижесінде соған сәйкес келетін кәсіпте өз-өзін анықтау ісі» [2]. М. П. Нечаев пен С. Л. Фролованың пікірінше, кәсіптік бағдар берудің мақсаты – білімгерлерге мамандықтар әлемі туралы керекті ақпарат беру және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесу, өмірлік жоспарларын жүзеге асыруға жағдай жасап, кәсіби қызметке деген құндылық көзқарасын қалыптастыру [3]. Н.С.Пряжников болса кәсіптік бағдар беру жұмысының мәні ретінде елдің толыққанды азаматтарын дамыту үшін психологиялық-педагогикалық (сонымен қатар ұйымдастырушылық, қаржылық және т.б.) жағдайлар жасап, бүкіл қоғамның игілігі үшін жастардың әлеуетін іске асыра білу екенін айтады [4, 297]. Қазіргі білім беру жүйесінде теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту жүйесі, техникалық, кәсіптік мамандар даярлауға айрықша мән берілумен қатар кәсіби бағдар беру жұмысын белсендендіріп, сол бағыттағы өзекті мәселелерді қарастырып отыру маңызды. Қазіргі заманауи талаптар кәсіптік бағдар берудің ғылыми- практикалық мәселелерін әзірлеуге ерекше назар аударуды талап етуде. Мектеп бітіруші түлекке өз қабілетін анықтауының практикалық мәселелерін шешуге ықпал ететін кейбір бағыттар мәселесінде зерттеушілер әрқилы факторларды алға тартады. Атап айтқанда, Б.А. Федоришин үшін ол қажетті білім және оқушының жеке ерекшеліктерін объективті бағалау дағдыларын шыңдауды мақсат тұтқан кәсіптік бағдар беру жүйесі, В.Д. Шадриков, Н.П. Воронин: жас түлектің тұлғасын зерттеудің диагностикалық әдістері; Е.А. Климов: жастарға кәсіби кеңес берудің теориялық және әдістемелік негіздерінің маңызы; В.Ф. Сахаров, Н.К. Степаненков: кәсіби бағдар беруге деген жүйелі көзқарас; Е.М. Павлютенков: мамандық таңдаудың әлеуметтік маңызды мотивтері; Г.П. Шевченко: бұл үдерісте рухани мәдениет элементтерін қалыптастыру қажеттігін жақтауда [5].

Қазіргі әлемдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруі, даму қарқынының жеделдеуі, оның әр елге ықпалы сәйкесінше еңбек нарығына да өз ықпалын тигізуде. Осының салдарынан жас мамандардың кәсіби даярлығына қойылатын талаптар да артты. Көп жағдайда мектеп бітіруші оқушылар бұл талаптарға дайын болмай жатады. Оған себеп аз емес. Әуелгі мәселе ретінде кейбір мектептердегі кәсіби бағдар беру жұмысына деген немқұрайды қатынасты айтуға болады, штатта әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың осы бағытына жауап беретін мамандар жетіспейді. Мұғалімдердің кәсібилігі білім беру ортасының мәдени әртүрлілігіне байланысты десек те, педагогикалық ғылым мен практиканың алдындағы жаңа мақсат интеграциялық кеңістікте өмір сүруге және жұмыс істеуге қабілетті жаңа типтегі кадрлардың даярлығына ерекше мән беру болуы тиіс. Мектептегі кәсіби бағдар жұмысына көңілі толмаған жасөспірім ол қажеттілігін басқа жақтардан алуға әрекеттенеді. Ал арнайы дайындық болмастан, баланың қабілеттері мен туағатты

бейімділігін жеткілікті анықтамастан ата-ана не жақындары балаға толыққанды мәліметтер бере алуы күмәнді. В.А. Богданова мен Т.С. Сафонова Кәсіби бағдар беру жұмысындағы субъектілер қатарына жататындар ретінде өз өзін анықтайтын тұлға (оқушы, жұмыссыз адам т.б.), отбасы, психологиялық-педагогикалық ғылым, психологиялық орталықтар мен қызметтер, білім беру мекемелері (мектеп), мемлекет екенін атайды. Олар оқушыларды мамандық таңдауға дайындау барлық жас кезеңдерінде жүзеге асырылатын ұзақ және үздіксіз процесс екенін, Кәсіптік бағдар беру жұмысының нәтижесі мектеп түлектерінің саналы түрде кәсіби өзін-өзі анықтауы болып табылатынын түсіндіреді [6]

Зерттеу деректері бойынша Қазақстанда еңбекке қабілетті халықтың 60% - ы мамандығы бойынша жұмыс істемейді [7] . Бұл жағдайдың себебі екі жақты. Бір жағынан, жастар өз әлеуетін дұрыс түсінбейді немесе толық түсінбейді. Олар өздерінің бейімділігін, белгілі бір қызмет түрлеріне бейімділігін сирек біледі. Жастардың, жалпы алғанда, өз талантарын, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін сезінудің төмен деңгейі бар. Екінші жағынан, бұл адамның еңбек нарығы туралы, сұранысқа ие мамандықтар туралы толық ақпаратқа ие болмауының нәтижесінде мамандықтарды бейсаналық таңдау. Қазақстанда халықтың мамандық таңдауда белгілі бір ерекшеліктер қалыптасты. Мамандық пен мамандықты таңдау көбінесе отбасылық дәстүр, әлеуметтік трендтер (гранттардың болуы, ҰБТ өту деңгейі) немесе нақты жағдайды объективті түсінбейтін ата-аналардың, туыстардың, достардың кеңестері негізінде жүзеге асырылады. Зерттеу негізінде алынған кейбір сандарға қарасақ: Оқушылардың 87% - ы ата-аналар мен мектеп мұғалімдерінің ықпалымен мамандық таңдайды. Бұл ретте ата-аналардың 75% - ы балаларының қандай мамандықты таңдағысы келетіні туралы түсініктері жоқ екенін мойындайды. Оқушылар мен олардың ата-аналарының 90% - ында нарықта сұранысқа ие мамандықтар. Барлық респонденттер ешқашан мансаптық бағдар туралы ақпаратты мақсатты түрде іздемеген. Сонымен қатар, ақпараттың болмауы немесе кәсіптік бағдарлау бойынша қолданыстағы әдістемелер мен құралдардың тиімсіздігі әсер етеді [8]. Болашақ мамандығын дұрыс таңдап, әртарапты экономика мен қоғамның белгілі бір салаларында құлшына еңбек ететін, жоғары еңбек өнімділігін паш ететін жандар мемлекет пен қоғам үшін тұрақтылық пен өсуге кепілдік беретін маңызды стратегиялық ресурсқа жатады. Шындап келгенде, қазіргі қоғамдағы кәсіптік бағдар беру - бұл адамның өз қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, мамандық таңдауына мүмкіндік беретін іс-шаралар жиынтығы ғана емес. Е. И. Пилюгина пайымынша, кәсіптік бағдар — бұл ауқымы жағынан мемлекеттік, нәтижесі бойынша экономикалық, мазмұны бойынша әлеуметтік, әдіс-тәсілдері бойынша педагогикалық күрделі және көп қырлы мәселе [9]. Орта білім беретін мектеп оқушылары үшін болашақ мамандығын таңдай алу – өмірлік аса маңызды шешім. Жоғары және жоғары сыныптарда мектеп оқушылары үшін мамандық таңдау өте бір өзекті. Бұл кезде кәсіптік бағдар беру жүйесі ата-аналарды да, кәсіптік оқу орындарын да, медицина қызметкерлерін де, психологтарды да, кәсіпорындар мен мекемелердің мамандарын да

біріктіре отырып, жоғары қарқынмен жұмыс істеуі керек. Кәсіби бағдар жұмысында кездесетін күрделі мәселенің бірі мамандықтардың тез жаңаруы екені болып отыр. Алдағы он жылда өзекті болатын мамандықты анықтауда көбіне Foresight (Форсайт) әдістемесі қолданылады. Озық технологиялар мен кең инновациялардың жетіле түсуімен қандай еңбек дағдылары сұранысқа ие екенін анықтауда Технологиялық Форсайттың ұтымды жақтары елеулі. Форсайт әдістемесі алдағы болашақ адамның бүгінгі әрекеттеріне, қазіргі кездегі қажыр-қайратына байланысты екенін, оған қоса, келешектегі даму нұсқаларынан әркім өзіне сәйкесін таңдауы қажеттігін алға тартады. Болашақ сценарийлерін өзіндік мол тәжірибесі бар, көзқарасы қалыптасқан, өз саласының дамуына мүдделі салалық сарапшылар әзірлейді. Салалық сарапшылар бұл мәселені бірлескен жұмыс топтарында әрі форсайт сессиясы деп аталатын арнайы іс-шарада талқылай отырып әзірлейді және өзара ұйғарымға барады. «Форсайт - сессия жұмысының негізгі мақсаты болашақ трендтерін анықтау және талдау болып табылады – кәсіби қызмет салаларының өзгеруіне әсер ететін, уақыт өте келе ұзақ мерзімді дамып келе жатқан процестер. Анықталған трендтердің оң да, теріс те салдары болуы мүмкін: мүмкіндіктер ұсыну және қауіп-қатер тудыру. Мысалы, ақпараттың қол жетімділігін арттыру білімге еркін қол жеткізуге мүмкіндік береді, сонымен бірге ақпараттың шамадан тыс жүктелуіне және тіпті ақпараттық шабуылға қауіп төндіреді» [10]. Жаңа мамандықтар заман талабының жаңарғанын білдіріп қоймай, жас түлекке жаңаша қабілеттер игеруді қажет ететіні сөзсіз. Жаңа мамандықтар атласымен уақытылы хабардар етіп отыру да кәсіби бағдар беруші маманның қызметіне жатады.

Қазақстанда Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Жаңа мамандықтар атласы» атты жоба 2019 жылы жүзеге аса бастады. Жоба шеңберінде төрт жүзден астам мамандық қарастырылды. Олардың ішінде жаңа және еңбек нарығында енді пайда болған мамандықтар, «зейнеткер» мамандықтар, трансформацияға ұшыраған мамандықтар бар. Бұл жоба аясында экономиканың негізгі 9 саласы бойынша үш топтағы мамандықтар анықталған. Мәселен, Павлодар өңірінде Павлодар өңірі экономикасының тапшылықтары, жаңа талаптары, жаңа мамандықтары айқындау мақсатында «Өңірлік атлас» әзірленген. Бұл жобаның аясында ЖОО, кәсіптік білім орындары 25 оқу бағдарламасын жаңартты және 15 жаңа оқу бағдарламасын дайындап, пысықтаған. Осы табысты пилоттық жоба 2025 жылға арналған Қазақстан халқының табысын көтеру бағдарламасының ішінде «Мамандығым – болашағым» атты арнайы бағыт ретінде енгізілген [11]. Жаңа мамандықтарға қатысты қазіргі күнгі жетекші трендтер - бұл: Роботтар мен ақылды жүйелерді енгізудің таралуы; Цифрландыру аясын және үлкен деректерді кеңейілуі; Шикізаттың табиғи ресурстарының сарқылуы; Экологиялық стандарттарды күшейту және қайта өңдеуді дамыту; Y және Z буын жұмысшыларына жаңа еңбек талаптарының көрінісі; Халықтың тұтынушылық талғамының өзгеруі [10]. Кәсіби бағдар жұмысында кездесетін өзекті жайттардың бірі мифтер болып отыр. Миф деп мамандыққа қатысты қалыптасқан қате пайымдар меңзелуде. Атап айтқанда, ата-ана бәрін біледі деп қарау соның бірі.

Анығында жұмысбасты ата-ананың еңбек нарығын қадағалауға, кәсіптік тенденциялар, жаңа мамандықтар атласы, жоғарғы оқу орнына түсу талаптарын жіті біліп отыруға мүмкіндігі бола бермейді. Қай университеттерде қандай мамандықтар бар, ақылы-ақысызы, өту балы қанша, жатақхана жағдайынан көп ата-аналар хабарсыз. Сол үшін де тек ата анаға сеніп қалу өмірмәнді шешім қабылдауда жеткіліксіз екенін байқатады. Екінші бір миф ол алынған тесттерге қатты сенім арту. Кәсіби бағдар кезінде әрине тест алынады. Ондай біршама тест түрлері баршылық: тест Климова, тест Голланда, тест Йовайши, қызығушылықтар картасы, карьер якоры, Магеллано университеті және т.б. Тест – бұл адамның жеке басын көрсететін көрсеткіштердің бірі ғана. Баланың қай салаға көбірек бейімділігін анықтауда белгілі бір деңгейде тесттер көмектескенмен, ол бала қабілетін толық ашпайды. Бірде-бір тест адамның сол кездегі психофизикалық жағдайымен санаспайды. Тест кәсіптік бағдар берудің шешуші бөлігінің бірі болып табылады, бірақ толық ашпайды. Сондықтан тест бұл жеке әңгімелесу, диагностика, қарапайым және күрделі сұрақтар, рефлексия, метафоралық жаттығулардан және басқалардан басқа, кәсіптік бағдар беру жиынтығындағы құралдардың бірі ғана. Осы себепті тест көрсеткіштеріне де біржақты сеніп қалмаған дұрыс. Оған қосымша, сынып жетекшісі мен ұстаздардың бақылауы, баланың өз пайымы, ата-анасының баланы тануы т.б. факторлар қосымша ескерілуі тиіс. «Беделді мамандық әрдайым сұранысқа ие» деген түсінік те әркез дұрыс бола бермейді. Мамандық беделді болғанмен сұранысқа ие мамандықтардың орны әрқашан бөлек. Қарқынды дамып бара жатқан салаларда (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және т.б.) мамандар жиі сұраныс тудырады. Жай уақыттағы көптеген дәстүрлі беделді мамандықтар үнемі сұраныста болмауы мүмкін. Жұмыс беруші үшін де жұмысқа алған адамының кәсібилігі көбірек маңызды. Әрине, кәсіби бағдар жұмысының бұдан басқа да өзекті мәселелері аз емес. Төмендегі кестеде (1) солардың бірқатары аталып, шешім жолдары көрсетілді [10].

Кесте 1

Әдетте кездесетін проблемалар	Шешімі
Мамандықтарды таңдауда ақпарат жетіспеушілігі, қолдағы мәліметтерді жүйелей алмау, еңбек нарығы мен нақты мамандық талаптарын білмеу.	Еңбек нарығы мен мамандық талаптарын талдау қабілетін қалыптастыру, білім беру нарығын талдау, жұмыскерге қойылатын талаптар мен еңбек нарығы туралы мәліметтер алу дереккөздері мен әдістерін жүйелеу

Өз қабілеттерін жеткілікті танымау, өзін бағалаудың төмендігі, талаптардың жоғарылығы, эмоционалды ерік пен коммуникативті саланың бұзылуы, жұмысқа деген қызығушылықтың төмендігі	Өзін тану қабілеттерін арттыру, өзін жоғары бағалай білу, талаптардың шынайы деңгейін анықтау, диагностика мен өзін тексеру үшін оқушыға арнайы жұмыс дәптерін толтыру.
Әлеуметтік тұрғыдан піспеу, жоғарғы деңгейде өмірлік құндылықтардың болмауы	Әлеуметтік позицияны белсендендіру, жоғарғы деңгейде өмірлік құндылықтарды қалыптастыру
Шешім қабылдай алмай, мамандық таңдай алмай дағдару, жеке жұмыс істеу дағдыларының қалыптаспауы	Мамандық таңдау, мамандыққа қол жеткізу жолдарын және орнықты шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастыру, емтихандар тапсыру, жұмысқа орналасу
Өз күшіне сенімсіздік, сәтсіздіктер кезінде абдырап қалу	Психологиялық көмек беру, табысқа жету ситуациясын жасау, мақсатқа жетуде ресурстарды белсендендіру, қосымша варианттар қарастыру.

Бүгінгі күні ғалымдар арасында кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтаудың мәні туралы ортақ түсінік жоқ. Тәжірибелік психологиядағы «тұлғаның өзін-өзі анықтауы» түсінігін талдауға, тұлғалық даму психологиясына және кәсіптік бағдарға жүгінсек, оның өзін еңсеру (self-transcendence), өзін белсендендіру (self-actualization), өзін реализациялау (self-realization), өзін актуалдау (self-actualization), өзін пайымдау (self-awareness) сияқты ұғымдармен өзара сәйкес келетінін көреміз. Айта кету керек, Зир, Климов, Михайлов, Пряжников, Сергеева және т.с.с. көптеген зерттеушілер бұл ұғымдарды арнайы еңбек әрекетімен байланыстырады. Мысалы, А.Маслоу теориясы бойынша өзін-өзі актуализациялау «мағыналы жұмысқа деген құштарлық арқылы» көрінсе, К.Ясперс өзін-өзі жүзеге асыруды «адам жасайтын жұмыспен» байланыстырады. И.С.Конн болса, өзін-өзі жүзеге асыру еңбек, жұмыс және араласу арқылы көрінетінін ұғынады [13, 60]. Қазіргі психологтар өзін өзі айқындау мәселесінде жалпылама ортақ ой тоғыстырғанмен, кейбірі өзіндік оқшау көзқарасқа ие. Атап көрсетер болсақ, а) кәсіби өзін-өзі анықтау адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін жоспарлауды ынталандырады (Т. Н. Власова, Н. Ф. Гейжан, С. С. Гриншпун, О. П. Мешковская және т.б.); б) кәсіби өзін-

өзі анықтау – жеке тұлғаның кәсіби қызмет саласына саналы оң көзқарасы (И.Ф.Загорец, Н.Н.Захаров, Н.Д.Симоненко және т.б.); в) кәсіби өзін-өзі анықтау тұлғаның кәсіби дамуының элементтерінің бірі болып табылады, оған кәсіби бағыттылық пен өзіндік сананы қосады (Н. Е. Касаткина, М. Л. Кондурина, С. Н. Чистякова, Г. И. Шалавина және т.б.). Өзін-өзі анықтаудың мәнін бұлайша әртүрлі түсіну, біріншіден, адамның өз ұстанымын, сөйлеу пәніне деген көзқарасын таңдауды талап етеді, бірақ, екінші жағынан, әртүрлі көзқарастармен танысу зерттелетін мәселені жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді және жалпы дамуына ықпал етеді [13, 63]. Жоғарыда айтылғандарға байланысты жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру процесінде мына екі тұсты ескеру маңызды деп есептейміз. Бір жағынан, жасөспірімдерді кәсіптік бағдарлау жүйелі түрде ұйымдастырылып, тұрақты және ұзақ мерзімді болып, оқу-тәрбие процесінің әмбебап құрамдас бөлігіне айналуы керек. Екінші жағынан, білімгер мамандықтарды интроспекция және талдай алып, өз бетінше мамандық таңдай алатын қабілетке ие болуы тиіс. Тіпті мектеп бітірушілерінің кәсіби жетістігінің критерийіне қарап, жалпы білім беру ұйымының тиімділігін бағалауға болатынын ескерген жөн. Кәсіптік бағдар беруді тиімді ұйымдастыру үшін жұмыс жүйесіне ұйымдық-функционалдық, логикалық-мазмұнды және жеке құрамдас бөліктерді қосқан тиімді. Бұл жерде ұйымдастыру-функционалдық құрамдас бөлікке мектеп оқушыларын өздерінің кәсіби болашағын саналы таңдауға дайындауға, олардың прагматикалық міндеттері мен міндеттерін орындауға жауапты, үйлестіру принципіне негізделген әртүрлі әлеуметтік институттардың қызметі кіреді. Логикалық-мазмұндық құрамдас бөлікке студенттердің кәсіптік білімін ұйымдастыру, олардың қызығушылықтары мен кәсіптің қай саласына бейімділігін байқау, сол салаларда оларды кәсібилікке баулу, жетілдіру, яғни әлеуметтік және кәсіби бейімделу мәселелері бойынша кеңес беру жатады. Ал жеке құрамдас бөліктерге студент тұлғасын кәсіби өзін-өзі анықтауды дамыту субъектісі ретінде қарастыруды жатқыза аламыз. Ол білімгердің шығармашылық белсенділік, өзін-өзі көрсету, кәсібилікке ұмтылатын белсенді позициясын болжайды. Кәсіби бағдар беру ісінде кездесетін өзекті мәселелер уақытылы реттеуді қажет етеді. Әуелгі кезекте жалпы білім беретін орта мектепте кәсіби бағдар беру ісіне деген ата-ана, педагог ұстаз, оқушы жауапкершілігін арттыру уақыт күттірмейтін іс. Жалпы жағдайды біртіндеп түзету үшін жан-жақты және ұзақмерзімді іс-шаралар қолға алынғаны жөн. Кәсіби бағдар жұмысын кемшіліксіз жолға қою, оның инновациялық және конструктивті өсу бағыттарын нақтылап отыру маманның өмірде өз кетігін тауып қалануына әрі ісінде табысқа жол ашады. Бұл жағдай бәсекеге қабілеттілік пен мемлекеттік дамуға бастары сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Татьяначенко, Д.В. Профориентация: основы, проблемы, тенденции, ресурсы: методическое пособие для руководителей образовательных организаций / Д.В. Татьяначенко; НИЦ «Центр

- управления образовательными проектами ФГБОУ ВО «ЮУрГГПУ». – Челябинск, 2016. – 55 с.
- 2 Столяренко А.М. Общая и профессиональная психология. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – 382 с.
  - 3 Нечаев М. П., Фролова С. Л. Современное осмысление проблем профориентации обучающихся / Психолого-педагогический журнал Гаудеамус, Т. 16, № 2, 2017 С. 9-16.
  - 4 Пряжников Н. С. Профориентация : гармонизация точек зрения / Н. С. Пряжников // Научный диалог. — 2018. — № 3. — С. 289—303.
  - 5 Казаков Д.В., Даничев А.А., Машанов А.А. Основные проблемы профориентации школьников на современном этапе развития общества. Вестник КрасГАУ. 2012. № 9
  - 6 В.А. Богданова, Т.С. Сафонова. Современные проблемы профориентации школьников. 08 Желтоқсан, 2023. [www.researchgate.net](http://www.researchgate.net).
  - 7 2023 жылдың соңына дейін «Болашаққа сеніммен» кәсіптік бағдар беру жобасы 500 астам мектепте жүзеге асырылады. Қаңтар 07. 2023. [forbes.kz](http://forbes.kz)
  - 8 Мамандық бағдарлау. Қараша 11, 2023. [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz)
  - 9 Пилюгина, Е. И. Актуальность профориентационной работы в образовательных учреждениях / Е. И. Пилюгина, М. Д. Иванова. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2017. – № 15 (149). – С. 619-623.
  - 10 Атлас туралы. Қараша 11, 2023. [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) СБ ақпарат. Жаңа мамандықтар атласы: кәсіби бағдардың маңызы. Қараша 11, 2023. [www.syrboyi.kz](http://www.syrboyi.kz)
  - 11 Актуальные проблемы профориентологии на современном этапе развития общества: материалы всерос. науч.-прак. конф. (г. Новосибирск, 22-23 октября 2015 г.). - Новосибирск: Изд-во СГУПС, 2016. – 340 с.
  - 12 Евтюгина А. А., Самойлова Т. И. Проблемы профессионального самоопределения и профессиональной ориентации школьников в современной теории и практике. Социокультурное пространство России и зарубежья: общество, образование, язык 2018, выпуск № 7. С 58-68.

## References

- 1 Tătänchenko, D.V. Proforientasia: osnovy, problemy, tendensii, resursy: metodicheskoe posobie dlä rukovoditelei obrazovatelnyh organizasi / D.V. Tătänchenko; NĪS «Sentr upravlenia obrazovatelnyimi proektami FGBOU VO «ĪUUrGGPU». – Cheläbinsk, 2016. – 55 s.
- 2 Stolärenko A.M. Obşaia i profesionälnaia psihologia. – M.: İUNİTİ-DANA, 2003. – 382 s.
- 3 Nechaev M. P., Frolova S. L. Sovremennoe osmyslenie problem



- proforientasii obuchaiuşihsä / Psihologo-pedagogicheski jurnal Gaudeamus, T. 16, № 2, 2017 S. 9-16.
- 4 Präjnikov N. S. Proforientasia : garmonizasia toчек zrenia / N. S. Präjnikov // Nauchnyi dialog. — 2018. — № 3. — S. 289—303.
  - 5 Kazakov D.V., Danichev A.A., Maşanov A.A. Osnovnye problemy proforientasii şkölnikov na sovremennom etape razvitia obşestva. Vestnik KrasGAU. 2012. № 9
  - 6 V.A. Bogdanova, T.S. Safonova. Sovremennye problemy proforientasii şkölnikov. 08 Jeltoqsan, 2023. [www.researchgate.net](http://www.researchgate.net).
  - 7 2023 jyldyñ soñyna deim «Bolaşaqqa senimmen» käsıptik bağdar beru jobasy 500 astam mektepte jüzege asyrylady. Qañtar 07. 2023. [forbes.kz](http://forbes.kz)
  - 8 Mamandyq bağdarlau. Qaraşa 11, 2023. [www.enbek.kz1](http://www.enbek.kz1)
  - 9 Pilügina, E. İ. Aktuálnöst proforientasionnoi raboty v obrazovatelnyh uchrejeniah / E. İ. Pilügina, M. D. İvanova. – Teks : neposredstvennyi // Molodoi uchenyi. – 2017. – № 15 (149). – S. 619-623.
  - 10 Atlas turaly. Qaraşa 11, 2023. [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz)
  - 11 SB aqparat. Jaña mamandyqtar atlası: käsıbi bağdardyñ mañyzy. Qaraşa 11, 2023. [www.syrboyi.kz](http://www.syrboyi.kz)
  - 12 Aktuälnye problemy proforientologii na sovremennom etape razvitia obşestva: materialy vseros. nauch.-prak. konf. (g. Novosibirsk, 22-23 oktäbrä 2015 g.). -Novosibirsk: İzd-vo SGUPSa, 2016. – 340 c.
  - 13 Evtügina A. A., Samoilova T. İ. Problemy profesionälnoġo samoopredelenia I Profesionälnoi orientasii şkölnikov v sovremennoi teorii i praktike. Sosiokölturnoe prostranstvo Rosii i zarubejä: obşestvo, obrazovanie, iazyk 2018, vypusk № 7. С 58-68.

*Kudaiberdi Bagasharov*<sup>1</sup>,

<sup>1</sup>«SDU University», Kaskelen, Kazakhstan

\*e-mail: [k.bagasharov@sdu.edu.kz](mailto:k.bagasharov@sdu.edu.kz)

**Annotation.** This article highlights current problems that arise in the process of career guidance work for students in secondary educational institutions. In the context of rapid changes in the modern world affecting the labor market, there is variability in the requirements for the individual. It is considered ideal that a teenager be ready for these changes and be able to quickly adapt to the situation on the labor market. The role of career guidance specialists is to ensure correct cognitive orientation in various professions, identify the personal abilities of students and determine their suitability for the chosen profession. However, there are pressing issues that professionals face in carrying out this important task. Advanced pedagogical experience and scientific research results link the success of career guidance activities to an understanding of these factors. This has a positive impact on the preparation of career guidance teachers for their work. Therefore, the article examines the horizontal problems that schoolchildren face during vocational guidance.

**Key words:** vocational guidance, school, students, specialist, problems, choice of profession.

*Кудайберди Бағашаров <sup>1</sup>,*

<sup>1</sup>«SDU University», Каскелен, Казахстан

\*e-mail: [k.bagasharov@sdu.edu.kz](mailto:k.bagasharov@sdu.edu.kz)

**Аннотация.** В данной статье выделены актуальные проблемы, возникающие в процессе профориентационной работы учащихся средних общеобразовательных учреждений. В контексте стремительных изменений в современном мире, влияющих на рынок труда, отмечается изменчивость требований к личности. Идеальным считается, чтобы подросток был готов к этим изменениям и способен быстро адаптироваться к ситуации на рынке труда. Роль специалистов профориентационной работы заключается в обеспечении правильной познавательной ориентации в различных профессиях, выявлении личностных способностей учащихся и определении их соответствия выбранной профессии. Однако существуют актуальные проблемы, с которыми сталкиваются профессионалы в ходе выполнения данной важной задачи. Передовой педагогический опыт и результаты научных исследований связывают успех профориентационной деятельности с пониманием этих факторов. Это оказывает положительное воздействие на подготовку педагога-профориентатора к своей работе. Поэтому в статье рассматриваются горизонтальные проблемы, с которыми сталкиваются школьники при профессиональной ориентации.

**Ключевые слова:** профессиональная ориентация, школа, студенты, специалист, проблемы, выбор профессии.

*Келін түсті 13 Желтоқсан 2023 жыл*